

бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп тәрбиелеуде ұлттық құндылықтар мен рухани мұраның орны ерекше. Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал», – деді. Бұл жөнінде де елге үлгі боларлық әңгімелер жазды. «Баланы жас-тан», – дегендей, оған жас күннен түзу тәрбие беру, оның болашақ өмірі үшін керек. Есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға түседі. Кейде сол қисаюмен барып мерт болады. Ыбырайдың бұл әңгімесі қазіргі мектеп балаларын тәрбиелеу үшін де үлгі бола алады [3, б.27].

Біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінен хабар беру принципін көздей отырып, тұлғаны өмір сүрген қоғамына қатысты халықаралық қатынасқа бейімдеу. Жеке тұлғаны адалдыққа, еңбекке, ұқыптылыққа, талаптылыққа тәрбиелеу, адамгершілік жақсы қасиеттерді олардың бойына дарыту арқылы адами мінез-құлықтарын өздері игере алуларын ойластырған. Мектеп оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беруімен бала түйсігін жүйелілікпен қалыптастыруға тырысқан.

Қорыта айтқанда, Ы.Алтынсаринның өз халқын оқуға, өнерге үндеуі надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кезде әлеумет өміріндегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның творчествосының халықтық жағы десек, қазақтың қазіргі ержеткен проза жанрының және балалар әдебиетінің ең алғашқы негізін салушы болды.

Ыбырай Алтынсарин рухани-адамгершілік білім беруді ту етіп ұстады және қазіргі таңда да жалау етіп желбіреп өз мәні мен мағынасын жоғалтпады. Ұлы ағартушының еңбектерін оқып отырып, болашақ ұрпаққа жеткізу, сол арқылы тәрбие беру біздің міндетіміз! Өйткені бүгінгі ұрпақ – біздің еліміздің іргетасын нық ұстар мықты болуы қажет.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1985.
2. Жармұхамедов М. Ыбырай Алтынсарин тағлымы. – Алматы, 1991.
3. Алтынсарин Ы. Өнер – білім бар жұрттар. – Алматы, 1989.

### **ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАРА ҰСТАЗЫ**

*Әліпбекова Торғын Талғатқызы*  
№ 24 мектеп-гимназиясы  
бастауыш сынып мұғалімі  
Қостанай қаласы

#### **Аннотация**

Өзектілігі: Ы. Алтынсариннан бастау алған қазіргі қазақ педагогикасының өткені мен бүгінге талдау жасай отырып, тәрбиелік мәндегі мол мұраларын шәкірт бойына сіңірудегі үлесін сипаттау.

Мақсаты: Балаларға білім мен тәрбие беруде Ыбырай Алтынсарин методикасының мәнін арттыра отырып, өз тәжірибесінде жаңартылған білім мазмұнына сай қолдану деңгейін көрсету.

**Түйінді сөздер:** Әдістеме, тәрбие, білім мазмұны, жаңашылдық, білім алуға қызықтыру.

#### **Аннотация**

Актуальность: Описать наследие Ы. Алтынсарина, имеющее воспитательное значение в формировании и развитии учащихся, анализировать сегодняшнюю казахскую педагогику, сравнивая её прошлое и настоящее.

Цель: Акцентировать важность применения методики Ы.Алтынсарина в обучении и воспитании детей и показать, опираясь на свой опыт, уровень применения в соответствии с обновлённым содержанием образования.

**Ключевые слова:** Методика, воспитание, содержание образования, новизна, мотивация к знанию.

### Abstract

Relevance: Describe the legacy of Y. Altynsarin, which has an educational value in the formation and development of students, to analyze today's Kazakh pedagogy, comparing its past and present.

Purpose: To emphasize the importance of using the Y. Altynsarin methodology in teaching and upbringing of children and to show, based on their experience, the level of application in accordance with the updated content of education.

**Keywords:** Methodology, upbringing, educational content, novelty, motivation for knowledge.

Күллі қазақ даласына білім нұрын шашқан, қара халықтың дархан даласына білім қоңырауын соққан Ыбырай есімін әр қазақ біледі. Ыбырай Алтынсарин- халықшыл жазушы, өмір шындығын терең суреттей білген суреткер, заманының елеулі мәселесін көтерген қоғам қайраткері, ұлт ұстазы. Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Өз бойындағы күш-қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген сөз бекерден бекер айтылмаса керек. Ыбырайдың әкесі Алтынсары молдадан хат таныған қарапайым жан болса, анасы Аймен ертегі-жырларды жаттап өскен сауатты кісі болған. Осындай жандандардан тараған Ыбырайдың қазақ халқын білім нәрімен сусындатуы тегін емес-ті.

Балғожа биден тәлім-тәрбие алған Ыбырай бір рудың ғана емес, барша қазақ мақтанарлықтай тұлғаға айналды.

Үміт еткен көзімнің нұры-балам,

Жаныңа жәрдем берсін Хақ тағалам.

Атаң мұнда анаңмен есен-аман,

Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.

Атаңды сағындым деп асығарсың,

Надан боп білмей қалсаң, аһ ұрарсың.

Шырағым, мұнда жүрсең не етер едің,

Қолыңа құрық алып кетер едің.

Тентіреп екі ауылдың арасында

Жүргенмен, не мұратқа жетер едің? [1, 32 б.] – деп, оқудағы немересіне хат жазған Балғожа би Ыбырайдан мол үміт күтіп, білім жолында талмай еңбек етуін тілге тиек етеді. Ата үміті ақталып, білімге құштар Ыбырай Алтынсарин алғаш аттаған мектеп табалдырығын жақсыға аяқтап, білім жолындағы алғашқы баспалдақтың қадамын сәтті жасаған еді. Бұл баспалдақтың шыңы-қазіргі бейбіт заманда қазақ деген ұлттың жоғалмай, өз тілінде, өз елінде білім нәрімен сусындауы. Бұл жолда қаншама тер төгілді.

1871 жылы 31 тамызда Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Қазақтардың білімге қол жеткізетін ең басты құралы – мектеп. Бірақ даладағы мектептер шашыраңқы, сондықтан әлі пайдалы бола алмай отыр, әйтсе де олардың үміт күтері – мектеп, тек қана мектеп және қазақ халқының болашағы да мектептермен байланысты», [1, 46 б.] – деді.

Ол кезде мектеп, білім алу, оқыту мәселесіне әркім әртүрлі көзқараспен қарады. Қазақ ішінде мектептің, бала оқытудың пайдасын тез ұққандар да, баласын мектепке беруден қашқандар да болды. Тіпті жоғары тап өкілдері де бірыңғай болған жоқ. Ескілікті берік сақтағысы келгендер қадым оқуын қолдады. Кейбіреулері өздерінше жаңаға қарай бейімделіп, ел билеу үшін де, патша үкіметінің ұлықтарымен араласу үшін де орысша білу керек деп ұқты да, балаларын жаңа мектептерге беруді жөн көрді.

Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларын оқытып қана қоймай, қалалар мен елді мекендерде жаңа үлгідегі мектеп ашуды қолға алған адам. Осы жолда кездескен талай қиыншылықтарды жеңе отырып, бүкіл қазақ халқының жүрегіне жол сала білген ағартушы. Қазақта Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы тұратын әскери күштің жоқ екендігін түсінген Ыбырай, қазақтың ұлт ретінде жойылып кетпеуінің басты

кепілі білім мен ғылым екенін білген. Бұған дәлел жоғарыда Н.И. Ильминскийге жазған хатын көрсетуге болады.

Ыбырай Алтынсарин білім дәнін қазақ даласына шашқандығының нәтижесінде, 20 ғасырдың басында Алаш қайраткерлері қазақ халқын сауатсыздықтан құтқару үшін оқу-ағарту ісіне бел шешіп кіріскен болатын.

Ы.Алтынсарин мектептегі тәртіпке айрықша көңіл бөлген. «Тәртіп-мектеп үйі шаңырағының ең қажетті тірегі, ұжымды сымбаттандыратын құрал. Тәртіптің шындыққа айналуы әр оқушының бойында тәртіптілік сезім тудырады», – деп тәртіп деген педагогикалық ұғымға терең талдаулар жасайды.

Ыбырай Алтынсаринның қай туындысын алсақ та, оның негізі жақсылыққа, ізгілікке негізделген. Ол өз шығармалары арқылы оқу-білімге шақырып қоймай, жақсы адам болуға үндейді. Халық арасында кеңінен танымал:

Бір Аллаға сыйынып,  
Кел, балалар, оқылық!  
Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық, – деген өлеңінің «бір Алласын» тәуелсіздіктен кейін қосылғаны барлығына аян.

Жан-жақты талант иесі Ыбырай Алтынсариннің есімі қашанда уақыт сынынан мүдірмей өтіп, өз халқымен бірге жасасып келеді. Ұстаздың қай шығармасын алмайық, мысалы, «Таза бұлақ», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Әке мен бала», «Бір уыс мақта» бәрі де жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, адамгершілікке, еңбекқорлыққа, білімділікке шақырады. Бүгінгі ақпараттық техника заманында да Ыбырай атамыздың шығармалары мәні мен мағынасы, тәлімдік-тәрбиелік, ағартушылық жағынан алғанда өзінің маңызын әлі жойған жоқ. Сонау 1861-1863 жылдары он тоғыз жастағы Ы.Алтынсарин қазақ балалары үшін Торғай өңірінде алғаш рет бір сыныптық мектеп ашу ісін қолға алып, әуелі оның үйін тұрғызудан бастағанының өзі – көзсіз ерлік деп айтуға болады.

Оның өмірі өз Отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан-тәнімен қызмет етудің тамаша үлгілерінің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде, Ыбырай Алтынсариннің адамгершілік тәрбиесі туралы ой-пікірлерінің қазіргі кезде де өзінің құндылығын жоймағанын байқаймыз. Оқыту және тәрбиелеу үрдісінде өзіндік орны бар. Мәселен, Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» атты халыққа үндеуінде «Туған жер» бағдарламасында «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі», [2, 43 б.] деп айтылған. Ұлы жерлесіміздің де көкsegені осы болатын. Оның 1879 жылы басылған «Қазақ хрестоматиясын» алсақ, әрі мазмұны, әрі методика жағынан жастарға дұрыс тәрбие беруге арналып құрылғандығын байқаймыз. Қалай болғанда да жастарға дұрыс тәрбие беру үшін олардың дүние танушылық көзқарасын кеңейту үшін «қазақ хрестоматиясын» тек өз кезі ғана емес, қазірдің өзінде де мәні зор. Бұл кітапқа енгізілген әңгімелерінде еңбекқорлық, оқу, өнерге ұмтылушылық, Отанын, елін құрметтеу, талаптылық, жинақтылық, жігерлік, іздемпаздық, кішіпейілдік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінезқұлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қатмиды. Оқыту процесінде тәрбие жұмысын тиімді жүргізе білу, оқушыда жоғары адамгершілікті, патриотизм сезімін, еңбексүйгіштік, дербестікті қалыптастыру білігі педагогтық шеберліктің тағы бір элементін құрайды. Ы.Алтынсарин өз мектебінде шәкірттердің болашақта екіжүзді парақор болып шықпасын деп, адамгершілік тәрбиесіне баса көңіл бөлді. Бұл мәселе бүгінгі күннің де мектептерінің алдында тұрған басты мақсат. «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осында, тек осы мектепте ғана», – деді ағартушы Ы.Алтынсарин. [1, 56 б.]

Ыбырай еңбектерінде «Ағаш түзу өсу үшін, оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың»-деп бекер айтпаған. Сондықтан,

баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни рухани құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде, өзіндік таңдау жасауына ықпал етуде отбасы мен ұстаздар шешуші рөл атқарады. Ыбырай Алтынсаринның да көксегені осы еді. Ол балаларға ерте жастан тәрбие беруді дұрыс көріп, ұстаз еңбегі ерекше екенін атап өтті. Оқушыларға рухани құндылықтарды қалыптастыру – екі жақты үдеріс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, мұғалімдердің балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан – оқушылардың белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарымқатынастарынан көрінеді. Мектепте оқушылардың ұлттық сезімін, рухани байлықтарын қалыптастыру үшін, қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі сан ғасырлар бойы тірнектеліп жинақталған мәдениетінің алатын орны ерекше болып табылады. Өйткені ғасырдан ғасырға жетіп қалыптасқан дәстүрлі мәдениетте аталған халықтың оны ғасырлардан бірге өмір елегінен өтіп жинақталған баға жетпес құнды да бай тәжірибелерінің сол қалпында қаймағы бұзылмай сақталған, ұлттық ерекшелікке сай ұлтқа және рухани, мағыналы байлықтарының қайнар көзі мен мүмкіндігі көрініс тапқан.

Бүгінгі күнгі жаңартылған білім берудің де алға қойған қағидасының бірі баланы мәжбүрлі емес, білім алуға қызықтыру арқылы білімге деген уәжін арттыру арқылы оқушыны құзыретті тұлғаға айналдыру. Ыбырай балаларға сабақты өте қызықты түсінікті етіп беруге тырысты. Нәтижесінде молладан сабақ алған балалар бір жылда эзер хат таныса, Ыбырай оқытқан балалар небәрі үш айда оқи алатын, орысша, татарша жаза білетін болды. [3, 138б.] Заманауи Қазақстанда білім беру мен ғылым жүйесін жаңғырту барысында ұстаздар аталған қасиеттерді оқушылардың бойына сіңіруге тырысады.

Ыбырай шығармашылығында көрініс тапқан, педагогикалық көзқарасындағы ұсынған балаға еркіндік беру, жүрек жылуын беру, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, оқушы бойынан жақсы қасиеттерді табу тәрізді ұстанымдар білім беруді дамытудың өзекті мәселесіне айналуға. «Егер балалар бірдеңені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде, ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық көрсетуі керек» [4, 23 б.] деген ой-пікір бүгінде ұстаздардың ең басты мәселесі. Өз алдындағы шәкірттеріме білім беруде Ыбырай ұстаздың осы бір қанатты сөзін ұстанамын. Жанарында білсем екен, үйренсем екен деген жалыны бар шәкірттеріме ұрыспай, бар білгенімді зор ынтымақпен түсіндіруге тырысамын.

Қазіргі ұстаздар, яғни біздің алдымыздағы басты міндет – ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскерлі және қабілетті болуына баулу. Әлемдік стандарттар негізінде көкейге түйгеніміз алдымызға мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті іргесі мықты ел боламыз. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты – білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіріп, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде, ұстаздардың біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа негізделген.

Елбасымыздың жолдауында айтқандай: Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді.

Атақты жерлесіміздің өнегелі өмірі мен өрісі, биік таланты бір кезде қандай жарқын да жанды қасиеттерімен көрінсе, қазір де сол асыл да абзал ерекшеліктерін өз бойында толық сақтауда. Мұның өзі заңды да еді. Қазақ тарихында Ыбырай Алтынсаринның есімі үркердей мәңгі жарқырайды. Ол өзінің бүкіл шығармашылық өмірін бір ұлы мақсатқа арнады. Ол мақсат қазақ халқын ғасырлар бойы езіп келген надандық пен қараңғылықтың шырмауынан босатып, өнер – білімді, мәдениетті елдердің қатарына қосу еді. Қазіргі таңда Ыбырайдың осы арманы орындалғанына көзіміз жетіп отыр. Өйткені, Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғырту кезеңіне куәгер болудамыз, Ыбырай салған сара жолмен бейбіт елде, бейбіт елдің ұландарын білім нәрімен сусындатудамыз, Ыбырай салған ұстаздық жолда еңбек етіп, шәкірт тәрбиелеудеміз, оның әңгімелері мен өлеңдерін жас ұрпақтың санасына құюдамыз.

Қорыта айтқанда, ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің шығармашылығы жалпы адамзат өмірімен тығыз байланысты. Адамның нағыз адам атануына, өмірдегі ой-толғанысына ерекше мән бере отырып, мысалдар келтірген. Өз халқын білім алуға, өнерге үндеуі надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кездегі әлеуметтік теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі өмірдегі ең құнды еңбегі болып табылады. Сондықтан да Ыбырай Алтынсариннің шығармалары қазақ әдебиетіміздің төрінен орын алып, қазақ жастарының жан-жақты, білімді азамат болуына өз ықпалын тигізе бермек.

«Өсер елдің ұлы өнерлі, қызы мінезді келеді» дейді дана халқымыз. Егеменді ел тірегі – білімді ұрпақ десек, тәрбиелеп отырған өрендеріміздің болашағы ХХІ ғасырмен тұстас келгеніне қуаныштымыз. Өйткені, ХХІ ғасыр – білім ғасыры. Білімділерді аялап тербетер, баптап өсірер саналы тәрбие мен сапалы білім керек.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Сарбаева А.М. «Қазақ мәдениетінің ұлы қайраткерлері. ІХ-ХІХ ғасырлар. Ғұлама тағылымы»: Оқу-әдістемелік құрал. – Көкшетау: «Келешек 2030», 2011ж.
2. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Толығырақ: <https://egemen.kz/article/nursultannazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
3. Мұхамедхарым Жармұхамедов «Ыбырай Алтынсарин тағлымы» (әдеби – сын мақалалар мен зерттеулер). – Алматы: «Жазушы», 1991.
4. Мұсабеков Ө. Тұлғаға бағытталған білім. – Қазақстан мектебі, 2007/1.

#### **«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНА ЕҢГІЗГЕН ӨЗГЕРІСТЕРІ, РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАМУЫНА ТИГІЗГЕН ЫҚПАЛЫ»**

*Байсаматова Бахыт Мырзабековна,*  
«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №29 жалпы білім беретін мектебі» КММ,  
бастауыш сынып мұғалімі,  
*Байсаматова Жұлдыз Мырзабековна,*  
«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп-лицейі» КММ,  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
*Байсаматова Жанар Мырзабековна,*  
«Алтынсарин ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің  
Омар Шипин атындағы орта мектебі» КММ, бастауыш сынып мұғалімі,  
Қостанай қаласы

#### **Аннотация**

Өзектілігі: Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің еңбектерін талдай отырып, қазақ қоғамына еңгізген өзгерістері мен өзінің оқушылары арқылы барлық қоғамның рухани-адамгершілік дамуына қалай әсер еткені сөз етіледі. Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналып жазған еңбек-